

MINOR «МУЗЫКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ»

Бағдарламаның ерекшеліктері: Нарықтық сұранысқа сай музыкалық қызмет көрсетуде көшбасшылыққа ие болып, кәсіпкерлікте оң нәтижелерге қол жеткізу.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Еңбек нарығының талаптарына сай музыкалық және кәсіпкерлік қызмет көрсете алатын ұйымдастырушы, кәсіпкер-музыкант даярлау.

- барлық әлеуметтік топтардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- құнды практикалық дағдыларды қалыптастыру (музыкалық шығармаларды тыңдау, ән айту, музыкалық аспапта ойнау, іс-шара ұйымдастыру);
- тұлғаның ішкі әлемін дамыту және оның эмоционалды-тұлғалық ауытқуларды түзету үшін музыканың үйлесімді күшін пайдалану;
- шығармашылық ұжымдарды құрып, шеберлік сыныптарын өткізу;
- тиімді музыкалық кәсіпкерлік стратегияларды жоспарлау, модельдеу және жүргізу.

Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

ОН 1-шығармашылық идеяларын іске асыруда вокалды және аспапты игергенін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетеді;

ОН 2-орындаушылықты және кәсіпкерлікті зерттеуде кәсіби мәселелерді, музыкалық креативтілікті шығармашылық негізінде шешу жолдарын талдайды;

ОН 3-шығармашылық жұмыста және ортақ мақсатқа жету үшін командада және көшбасшылықта креативтілік пен коммуникативтілік танытады;

ОН 4-музыканы дұрыс таңдап, тыңдату арқылы өзін-өзі реттеу дағдыларын, эмоционалдық күйзелісті төмендетуді игереді;

ОН 5-музыкалық менеджментті оңтайландырып, жетілдіруде теориялық білімі мен практикалық дағдысын пайдаланады.

Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптастыратын оқу нәтижелері
			Лекция	Практика/зертхана	СӨЖ	СӨЖ		
1	Тынығу жұмыстарын жүргізу	5	15	30	30	75	Заманауи музыка стильдерін білетін, бос уақытты тиімді ұйымдастыру саласындағы шығармашылық қызметті жүзеге асыруда аспапта ойнау, ән айту, сахна мәдениеті, концерттік іс-шараларды ұйымдастыруда репертуарды дұрыс таңдай білуді қарастырады.	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5
2	Музыкотерапия	4	15	30	30	75	Музыкалық терапияның тарихы мен бағыттарын, адамның физиологиялық және эмоционалдық жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, музыкалық терапия әдістемесін оқып-үйрену мен музыкалық терапияның психоаналитикалық аспектілерін зерттеуді, музыканың көмегімен түзету жұмыстарының мүмкіндіктерін, дамуында ауытқуы бар балаларды оңалтуда музыкалық терапияны қолдану әдістемесін, мектепке дейінгі балалармен жұмыста музыка терапиясын қолдану ерекшеліктерін қарастырады.	ОН 1 ОН 3 ОН 4
3	Музыка және бизнес	5	15	30	30	75	Музыка индустриясындағы бизнестің принциптерін, кәсіпкерлік зерттеулердің негізінде жатқан инновацияларға шығармашылық көзқарасты, аудиобрендингті дұрыс қолдануды, кәсіпкердің табысқа жетуі үшін қажетті кәсіпкерлік іскерлік дағдыларын, түсінігі мен ойлауын біріктіруді, музыкамен қарым-қатынасын тұрақты кәсіпке айналдыруды қарастырады.	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 5